

Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Жібек жолы ауылы мектеп – лицейінің
2023-2024 оку жылдарының мамыр айында өткен
педагогикалық кеңесінің

№6 хаттамасы

Күні: 31.05.2024 ж.

Уақыты: 15:00

Катысқандар:

Катыспағандар:

Себепті:

Себепсіз:

Күн тәртібінде:

1. 5-8,10-сынып оқушыларын аралық аттестаттау қорытындысы
2. 5-8,10-сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру;
3. 2024-2025 оку жылайна болжамды жүктемелерін бөлу;
4. НОБД-дағы «Марапат» бөлімін толтыру жолдары (келесі оку жылында марапат квотасының бөлінуі)
5. Ағымдағы сұрақтар
 - 5.1. Кабинеттердің тазалығы (ремонт)
 - 5.2. Жазғы лагерь
 - 5.3. Мұғалімдердің рейтингі
 - 5.4. Хабарлама

Тындалды:

1. Педагогикалық кеңестің бірінші мәселесі бойынша оқу ісінің орынбасары Хакимжанова Кулия Муратхановна сез алғып, 5-8,10-сынып оқушыларын аралық аттестаттау қорытындысы туралы есеп берді. Жалпы аралық аттестаттауды 5-8, 10-сыныптың 205 оқушысы толық тапсырды. Аралық аттестаттауды 72 оқушы «қанағаттанарлық», 83 оқушы «жақсы», 50 оқушы «өте жақсы» деген баға тапсырды. Емтиханның қорытындысы бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған оқушы жоқ. Жалпы қорытынды 64,8%. Алайда, сынның жетекшілеріне оқушылардың емтиханға кешікпей келуін, мектеп формасын қатаң қадағалау керек екендігі ескертілді.

2. 5-8,10-сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес жүзеге асатыны белгілі. Осы ретте аралық аттестаттауды сәтті тапсырган 5-8,10-сыныптың барлық 205 оқушысы педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес келесі сыныпқа көшірілді. Осы аталған сыныптарда жыл бойына «үздік» нәтиже көрсеткен оқушылар қыркүйек айында «Білім күнінде» үздік оқығаны туралы мадақтамалармен марапатталатын болады.

3. Келесі кезекте оқу ісінің менгерушісі Хакимжанова Кулия Муратхановна 2024-2025 оқу жылына болжамды жүктемелер бойынша сөз алып, мұғалімдерге болжамды жүктемелерді таныстыруды. Мұғалімдер өз тарапынан сұрақтар қойып, жалпылама талқылау жасалды. Болжамды оқу жүктемелерімен толық таныстырып өтті.

4. НОБД-дағы «Марапат» бөлімін толтыру жолдары туралы ақпарат берілді. Жүйеде жұмыс істеу үшін қолданушы тіркеу процедурасынан өту керектігі ескертілді. Алайда ол үшін барлық мұғалімдерге электрондық цифрлы қолтаңба керек болатындығы айтылды. Сонымен қатар жүйеге кіру әрекеттері қатарынан үш рет сәтсіз болса, Модуль бұғатталған тіркелу жазбасы туралы ақпаратты әкімшілікке хабарлау керек. Деректерді толтыру 11 қадамнан тұрады. Осы аталған модульге сәйкес келесі оқу жылынан бастап келесі оқу жылында марапат квотасының бөлінуі осы жүйе арқылы жүзеге асатынды айтылды.

5. Келесі кезекте ағымдағы бірнеше сұрақ талқыланды. Мысалы: кабинеттердің тазалығы, жазғы лагерь, мұғалімдердің рейтингісі, хабарлама. Накты атап айтатын болсақ:

- Кабинеттердің тазалығына сол кабинетке бекітілген мұғалім жауапты. Сол себепті де оқу жылының аяқталуына байланысты оқу кабинеттерін ретке келтіру керек;

- Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каршигина А.Т. «Жазғы лагерьдің» жұмыс жоспарымен таныстырып, ашылу салтанаты туралы қысқаша мәлімет беріп өтті. Сонымен қатар, әр ауысымның кестесімен таныстыруды;

- Келесі кезекте биылғы оқу жылындағы мұғалімдердің рейтингісі жасалып, ең жоғары нәтиже көрсеткен мұғалімдердің жұмысына тоқталып өтті. Осы рейтинг бойынша әр бірлестіктен жоғары нәтиже көрсеткен үш педагогтың тамыз конференциясында марапаттауға ұсынылатыны айтылды.

- 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 46 бабы, 6-тарауына сәйкес мемлекеттік білім саласындағы педагогтардың еңбек ақысы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы №191 бүйрігінән сәйкес жүктемелердің қысқаруына байланысты өзгеріске ұшырайтындығы туралы

мұғалімдерге хабарлама таратылды. Педагогтар хабарлама мәтінімен толық танысып, қолдарын қойды. Әкімшілік тарапынан хабарламаға байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. 5-8,10-сынып оқушылары педагогикалық кеңестің қаулысы негізінде келесі сыныпқа көшірілсін.
2. 5-8,10-сыныптың «ұздік» оқушылары қыркүйек айында «Білім күнінде» мадактамалармен марапатталсын.
3. НОБД-дағы «Марапат» бөлімі уақытында толтырылсын.
4. Күнделік кз-ті уақытында толтырмаған мұғалімдерге жазбаша ескерту берілсін:
Кабденова Ж.О., Каримова М.М.
5. Рейтинг бойынша ең ұздік нәтиже көрсеткен үш педагог тамыз конференциясында марапаттаура жіберілсін



Д.Т.Иманбалинова
Ерлан А.

Д.Т.Иманбалинова

Ерлан А.